

АНА ТЛІ

1990 жылдың
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Түтін Гаζені

Сөзжөнімдік
журналы
европалық



Өлеңдегиң сүңғырлаған судың аты...



Баянғали ЭЛМЖАНОВ

Нұра

Нұрланып аққан Нұраның,

Суынан сырын ұғамын.

Шалғайда жүріп, ойға алсам,

Шалатындай құлағым.

Самалмен баяу тербеліп,

Сыбдырылаған құрағын.

Нұр тұнған тұнық суынан,

Тұғандай жаңа жыр ағын!

Нұра деп жаны толғанып,

Ардақтап өткен ұлылар.

Не деген ыстық, нұрлы сөз,

Зерделеп балдар, үғып ал.

Жадында жырау бабанын,

Жығасы барда, жыры бар.

Сарыарқа сайын даланың,

Нұрасы барда, нұры бар!

Шағалалы

Өзен бар Зерендіде Шағалалы,

Картадан кім оны іздеп таба алады,

Жерін сүйген ерлердің көңілі – көл,

Шағын суды шалқардай бағалады.

Чаглинка – Шағалалы,

Аты қандай,

Дала сусы тап-таза, заты балдай.

Қадіріне жетуің екі талай,

Тұған жердің сүйнан татып алмай!

Тобыл

Тобырдан тойған шағымда,

Тобылға барғым келеді.

Тобылғы ренді толқынға,

Қолымды малғым келеді.

Атына тылсым сыр тұнған,

Тобықтай ғана Тобылдың.

Ұғатын құлақ аңғарар,

Әуенін қоңыр қобыздың.

Торығып барған кезімде,

Толығып орта көнілім,

Суындан алам қуатты,

Толқып аққан Тобылым.

Аспара

Толтырып айтсаң ауыз Аспараны,

Келгендей құлагына аспан әні.

Киялға қанат байладап, қуат берер,

Ағыны еліктіріп жас баланы.

Адамды армандарға апарар жол,

Туған жер тұнығынан басталады.

Арасан

Табиғат сыйға берген Арасанды.

Сиқырлы аты қандай жарасады.

Қамшысын қара санға шарт еткізіп,

Ат қойған ойынца алшы қара шалды.

Арасанның ардағы Алмаарасан,

Аралап суды бойлап, тал қармасаң,
Толғанып, талай сырға қанығасың,
Мән беріп, жан-жағыңа сәл қарасаң.

Торғай

Қақтырған тандайларды Торғай, Торғай,
Қырқа алмай қанатыңды, торлай, торлай,
Тарихтың өзі танып, тауыспаған,
Торғайдың қырандығын толғай, толғай.

Қырына алса дағы кер замана,
Қырыңнан кеткен емес торғай қонбай.
Уақытпен жарысам деп зуылдаған,
Заманнан, данғазамен дуылдаған.
Сабырлы мұң мен ойға батыратын,
Даланың жақын тұнық сұы маған.
Жаным да жай табады, жер-жаһан мен,
Жапанда Торғай бар деп шырылдаған.

Леп пен Лепсі

Лепсіміз лепті ме екен, лебіз бе екен,
Ежелден Ақсуменен егіз екен.
Сулы жер – нұлы жер деп текке айтпаған,
Жетісу – жер жаннаты негізі екен.
Ескінің Леп пен Лепсі лепесіндей,

Лепірсе өрден орғып өтетіндей.

Дегендей, жақсы лепес – жарым ырыс,

Жер жүзін көркейтуге жететіндей.

Келес

Келісті атау болған ел есінде,

Келесің келісім бе, келесі ме?

Көрікті бойжеткенге сері жігіт:

«Кешкілік, деді ме еken, келесің бе?

Көңіл қойып келелі кенесіме,

Келешекті бірге ойлап көресің бе?

Келесіге қалдырмай кесімінді,

Келесте кестелеп сөз бересің бе?»

...Келістіріп айтылған көркем сөзге

Кім кепіл келісемін демесіне?!

Қобда

Бір құпия сияқты Қобда маған,

Ескі қобди секілді жолда қалған.

Орғып өтіп барады өрлігімен,

Қатпар, қатпар кездерден қордаланған.

Қозғасаң, қобыздай боп Қобда боздар,

Бастау мен сағасына орда қонған.

Алтай мен Ақтөбеде егіздей боп,

Даланы еркін кезіп жорғалаған.

Корлы өзен – жер құмары, құнары мол,

Ақ уыз арнасынан сорғалаған.

Жабай

Жайылып аққан Жабайым,

Тасқынның көрдің талайын,

Арнаға сыймас асав деп,

Атынды қойған ағайын.

Көп елге болған шығар нұрлы мекен?

Ер Жабай жағасында туды ма еken?

Ат жалын тартып мініп, жас ұландар,

Жауларын су бойлата қуды ма еken?

Қалың ел қара суға қарайлаған,

Жұтамас нұлы жерді манайлаған,

Жабайы мінезі бар жайылғанда,

Жабайдан жөн болады абайлаған!

Аса

Ағынды асав өзен Аса деген,

Аса десем асады, тасады өлен.

Асса деп, Асы деп те жазады еken,

Асып кетін, асса да, қоса берем!

Асыл ер қосып мас пен масаны да,

Асада асар тойын жасады ма?
Ет асып, асын тартып, аса сыйлы,
Қонағы қазы, қарта асады ма?
Бармандар, аса бойлап тереңіне,
Ағысқа асылық қып керегі не?
Ағыны аса қатты асав өзен,
Асады асуладардан дегені ме?!

Мейлі енді, Асы болсын, Аса болсын,
Даланың сөз бен сұы жасай берсін.
Асыл сөз, асав өзен тастан қарғып,
Алдағы асуладардан аса берсін!

Талғар

Талғардың атын талдар ма,
Талғамдар түрлі, талғар ма?
Тарғыл тастан тайғанда,
Тал қармаған жан бар ма?
Атаң тегін қойған ба,
Қолын созған заңғарға.

Толғамын талға байлаған,
Толғанып көзі талғанда,
Тілімен таңба қалдырган,
Талқы қылыш балдарға.

Тандайға татыр тәтті сөз,

Ар жағын балдар андар ма?

Арыс

Әйгілі әнге айналған Арыс еді,

Арыны, аруағы да таныс еді.

Аты да ақырады арыстандай,

Шындаиды шындық қуған намысты ерді.

Арыс десе, жер жарған дабыстары,

Алаштың еске түсер арыстары.

Балалар жағасында асыр салған,

Жұлдызға қол созады алыстағы.

Атауын аталардың қыстырып...

Атауын аталардың қыстырып,

Бір өлеңге он өзен сиыстырып,

Сиқырлы атауларды сыңғырлаттым,

Қиырды қиырменен түйістіріп!

Атамыз ағын суға Қарын салды,

Тазалап Боктықарын, әнін салды,

Ойранды ойрат қаптап келін қалып,

Шайқаста Қалмаққырылған барын салды.

Сарқырама асырып қуғындалты

Саба салды, өзеннің суын бақты,

Тарылған демі кеңіп, жауды жеңіп,
Жан шақырып жеген-ау Қуырдақты.

Делі ме делебелі, Дағанделі,
Дәл берген көрген елім бағаң ба еді?

Жанбелді Жанамалап, Жарма, Шарлап,
Ой кезсөн, білдіреді Шаған нені?

Бақанас, Бесбақанмен Ласты, Тасты,
Алқабек, Абылайкит басты, басты.

Қиынсу, Қандысу мен Қарлыбұлақ,
Орғыған Оба, Таңсық, акты, тасты.

Дауылды, Тоқырауын, Дулығалы,
Кіндікті, Кендірлікпен шулы бәрі,
Наурызым, Қонысшағыл, Үлкенаша,
Далада бір тынбайды судың әні.

Бұқтырма мен Бұқпа

Аты қызық Бұқпа менен Бұқтырма,
Оның мәнін ұқпадың ба, ұқтың ба?

Заман зорлап бұқтырды ма бір кезде,
Әлде еркімен арнасында бұқты ма?

Бұқпа деген бұқпалай ма, бұқпай ма ?
Бұгінгілер әлде дұрыс ұқпай ма?

Бұқтыру ма, бұқтырмау ма Бұқтырма?

Қаза берсөң, талай қызық шықпай ма!

Атаң қойған әр атаяға сыр тұнып,

Тұсінуге талпынамыз ұмтылып.

Тек әйтеуір өзендерім тартылмай,

Аға берсін арнасында бұлқынып.

Өсек-Өссек

Өзен бар Жетісуда Өсек деген.

Қойды екен атын қандай есеппенен?

Ойпырмай, деп ойлайсың, қазекемнің

Суы да судыр ма еді өсектеген?

Білгендер білмегенді бекер деспек,

Шын аты ол өзеннің екен Өссек.

Су – нәрлі, жер – құнарлы, ниет – тұзу,

Болғанда қанат жайып өркен өспек!

Күнес

Күнес деген күннен бе?

Иесі барын білген бе?

Күннің есі келгенде,

Кезерген өлке күлген бе?

Күні-түні Күнесім,

Тау мен тасты тілесің.

Су сарыны – тұнған сыр,

Өзің ғана білесің!

Ойыл, Ор,

Жем мен Сағыз

Жем қайда, Сағыз бен Ор, Ойыл қайда,

Кетеді Ойыл десе, ойын қайда!

Ақыры ағын судың тақыр болса,

Аңқасы кепкен аймақ жойылмай ма?

Басталған барлығы да Мұғалжардан,

Сан ғасыр мұңайса да, суалмаған!

Ал енді айдың, күннің аманында,

Тартылса не болады су арнадан!

Жем қайда, Ор мен Ойыл, Сағыз қайда?

Жауыздар бастауынан бауыздай ма?

Өзені – қантамыры кеүіп жатса,

Адамдар аузына су тамызбай ма?

Жем қайда, Ойыл, Сағыз, Орым қайда?

Қара су, таусылмайтын қорың қайда?

Асқанда асау өзен арнасынан,

Арнаған Ақеркеге әнің қайда?!

Бақанас

Бақанас – бақаны ас па, бақан ас па?

Бақанды бақабасқа тақамас па?

Болмаса ар жағында бір қызығы,
Бабамыз мұлде басқа атамас па?

Қызық сөз, жұмбақ сазды Бақанасым,
Басқаша сен қалайша атанаарсың?

Өшірмей өткендердің ескі сөзін,
Өзен-су, болашаққа апарасың!

Үлбі

Естісем өзен атын Үлбі деген,
Гүлді көрем самалмен үлбіреген.

Үлбіге үлпілдеген жыр арнадым,
Үзілмей бізге қалған үлгіменен.

Үкілі сөздің дәмі тіл үйірген,
Кім білген иірімін, кім білмеген!

Кеңгір

Мөлдір су,
Шексіз дала,
Зенгір аспан...

Күнгірі көне күмбез Кеңгір асқан...
Не деген керемет сөз күмбірлекен,
Секілді сере, сере, сенгір дастан!

Бабамың қие қонған сөзіндейсің.
Өзегім, өзгермейтін сезімдейсің.

Кең өзен, Кенгір өзен, кенді суым,

Көненің көнермейтін көзіндейсің.

Шыңғырлау

Шыңғырлау!

Атың қандай сыңғырлаған,

Сылдырлап, өттің аман сан қырлардан.

Шығымен шыныраудан су тартқандай,

Жан бар ма шындығым деп шыңғырмаған.

Жер-судың аты өлмесе, өлмейді деп,

Сенуші ем, ана тілім шынжырланған.

Зымыстан замананың сым бұрауын.

Үзген соң өзгерді ме сыңғырлауың?

Тілейміз, жазың жайлы, жаңбырлы боп,

Сағаң құрғап, сағынды сындырмауын.

Сазды сөз қазағымның қазынасы,

Сыңғырлай бер жаңғырып Шыңғырлауым!

Қапшағай

Қапшағай апсағай ма, қапсағай ма?

Қате айтсақ, қаптаған су қақсамай ма?

Жарасқан жақсы-ақ ойға бір жойқын сөз,

Кетеді түбірі оның тапса қайда?

Өлкеден өлке барар өзен асып,
Жетеді, болса дағы кезең қашық.
Ат қойса Қапшағай деп, басқалай көп,
Дәп қойған аталарым сөзге ғашық!

Талас

Таластың түбі талқы, талас па екен,
Апырмай, сонда кіммен таласты екен?
Жарасым тапқан жұрттар жағасында,
Бұл күнде дау- дамайдан халас мекен!
Таласым талдан асқан, таудан асқан,
Аңыз көп Алты Алаш пен хан Манастан.

Талқылай берсең түбі көрінбейтін,
Тарихы, тағдыры да толған дастан.

Шу

Ит тұмсығы батпайтын нұлы мекен.
Шудың аты шынымен шұлы ма екен?
Үлпілдеп, сыйдырлаған нар қамыстан
Шуылдап жолбарысты қуды ма екен?
Құйғытып, құйындарқан құлындарға,
Десек те сабырлы бол, шуылдама,
Сәні де кіретіндей даламыздың,
Шулаған Шуым барда, сұым барда!

Iле

Бөлек қой Iле қадірі,
Даланың күретамыры.
Жайылып айлақ, айдыны,
Байытқан байрақ, айбыны.
Iленің өткен бойында,
Тарихтың жыры ойымда.
Мәңгілік ән деп білеміз,
Ілеміз бар деп жүреміз!

Ай сулар

Жаздың жайлы тұнінде,
Айдыны толқып, дүрілдеп.
Ағын су айға атылған,
Соғылып жарға шашылған.
Айға құмар айдын су,
Айтуар, Айғыз аталған.
Ай Бозайға айналып,
Тұнық танда басылған.

Бай сулар

Жер-суды шалдар женіл ойламайды,
Ол ойга балдар неге бойламайды?
Пәленбай, Түгенбайдың есіміне,

Жайдан жай өзен атын байламайды.

Әр атау атаң айтқан ой парагы,

Талай сыр, аша білсөң, айта алады.

Байырды байырқалап байқап көрсөң,

Байқоңыр, Байқожа мен Байқараны.

Ел үшін, жомарт па екен, малын қиған,

Мәрт пе екен, мал тұғілі жанын қиған?

Атауы жер-суымның қатпар, катпар,

Тарихтың мәлім емес нәрін жиган!

Май сулар

Майлысай, Майөзек пен Майбұлағым,

Майтөбе майлайтындай ай құлағын.

Майлы деп қазақ суды атаған ба,

Ас-судың ұнатқан соң майлырағын?

Шынымен ағын сұы майлы ма екен,

Табаны майы шыққан лайлы ма екен?

Құнарлы топырағы, шөбі шүйгін,

Малға да, адамға да жайлы мекен.

Сай сулар

Қабылсай, Құрсай, Қаржансай,

Шатырлысай, Шағансай,

Тоқтамыссай, Тоқалсай

Қаттағансай, Тоғансай.

Боялысай, Тебенсай.

Саялы сай, терең сай.

Кіндіктісай, Қопасай,

Тұнып тұрған өлең сай!

Бағырлайсай, Бақсайды,

Ақажансай, Ақсайды,

Айтпай кетсек бола ма,

Сайсыз сулар ақпайды.

Жекедісай, Жамансай

Жиделісай, Жаңасай,

Шұрымсай мен Бұрмасай,

Тарам, тарам, сала сай.

Таныстырсам әр сайды,

Тауыспаспын бар сайды,

Салыстырып, санарсың,

Маныссай мен Нәнсайды.

Саяхатшы сайланған,

Сайды кезіп шаршайды.

Сайғағың да сая іздең,

Сайды неге ансайды ?

Айдың нұры суда ойнар,

Санаға сансыз ой сала,

Сәні қайсы дағаның,

Болмаса егер сай-сала!

Еспе сулар

Ежелден есілген сөз еспе деген,

Естілер ескі сөзді дестелеген.

Жарықтық аталарым көркем сөзбен,

Жер-суды келістіріп кестелеген.

Теріскенеспе, Талдыеспе, Шолақеспе,

Кебенекеспе ешкіні салады еске,

Жыланшықеспе қосылып Қараеспемен,

Еспемейірман ерекше қалады есте.

Еспелеп, ескен сайын еселенген,

Еркін су асып өтер неше белден.

Естелік, ескерткіш боп ескіліктен,

Ұрпаққа кестелі сөз көше берген!

Теріс сулар

Терістік, Терісбұлақ, Терісаққан,

Теріс су теріскейге тегіс тартқан.

Токтаусыз Терісбұтак, Терісайрық,

Неліктен теріс қарап өріс тапқан?

Тартса да терістікке тегістікпен,

Өзеннен өзекті жан жеміс күткен.

Оң демей, теріс демей, кен дұние,

Бәріне орын берген кеңістіктен.

Боз сулар

Өзенім, өзек, өз әнім,

Бозайым, Бозғақ, Бозаңым.

Бозторғай болып көгінде,

Су бойлап әуен созамын.

Боз дала толған сазды әуен,

Суына дейін боздаған,

Сыбызы қамыс ызыңдап,

Тозбайтын шерді қозғаған.

Бұлақ сулар

Кербұлақ, Майбұлақ пен Данабұлақ,

Бәрі де қасиетті Қарабұлақ,

Ұлы өзендер бұлақтан басталады.

Бастаудан қайнар бұлақ ағар жылап.

Тоқтаусыз, басталған соң ағылады-ay,

Бөгеттен өтер амал табылады-ay.

Жеткенде сағасына барлық өзен,

Бұлағын бастаудағы сағынады-ay!

Қыз сулар

Сұлу ғой негізінде су дегенің.
Мөлдір ғой ағын судай қыз дегенің.
Байқай бер, бабаларым ат қойғанда,
Су бойлап сұлулықты іздегенін.
Бергенде өзен атын Ай қызына,
Арнаған атаң оны қай қызына?
Болмаса бір тарихы, Аягөз деп
Бермейді судың атын жай қызыға.
Бір кезде бір өзенде Ханшаболған,
Қасындағы қыздары қанша болған?
Қызтоған, Данабике тегін емес,
Тарихын түгел жазып алса қолдан!
Сыңғырлап, сұлу қыздай су бұралған.
Сыландалап судай сұлу мың бұралған.
Айналып су – сұлуға, сұлу – суға,
Бүгінде бұлдыраған бұл бір арман!

Қария сулар

Ағын судың атауы - аңыз адам,
Тарихтың қойнауынан андыздаған.
Далада Дауыл баба, Шал су да бар,
Қошқар ата, Әулие, Абыз, Бабаң.

Сыйлық деп жаратушы иесінен,

Жер-суды атаған ел жүйесімен.

Ағын суда арамдық болмайды екен,

Корғайды әулиелер киесімен!

Дария сулар

Айналған аты аңызға Сырдария,

Далада жеке дара бұл дария.

Шалқар су – шалқыған жыр, толқыған сыр,

Бойына тұнегендей жыр – қария!

Және бар Қуандария, Жаңадария,

Секілді дариялар бір жанұя!

Замана түнде жортып, күнді ұрлаган,

Шыңғырған шындығыңды шынжырлаған.

Даланың дымы шықпай қалған кезде,

Сыр толқып, буырқанып жыр жырлаған.

Корқыттың қобызынан жеткен сарын,

Қазаққа маза бермей, тұр-тұрлаған!

Өзек сулар

Құрөзек, Құрттыөзек пен Тереңөзек,

Шиөзек, Талдыөзекпен келер кезек.

Қопалтайөзек деген ол да ғажап,

Өзенмен егіз аққан өлең өзек.

Өзексіз ер болмайды, жер болмайды,

Су бойлаған өзегі бір талмайды.

Өзегі, өзені бар өз елімнің,

Өрені ешкімнен де кем болмайды!

Арық сулар

Қосарлап Тасарық пен Бесарықты,

Бірсуат, Сабыржылға қоса ағыпты.

Арықтың сұзы жеткен жер көгеріп,

Шөбі де, шөңгесі де жасарыпты.

Ақырын, асып, таспай аққан арық,

Қапысын қыраттың да тапқан жарып.

Жалғанда жылға суға бөгет бар ма,

Жылжи берген үндемей аттан салып!

Құм сулар

Қызық атау Құмды мен,

Шығырлықұмды, Құмжарған,

Жарғанда да шын жарған.

Тас пен құмды тұтасқан,

Су жармаса, кім жарған?!

Үй сулар

Тамдының Қабырғасын білегімен,

Бекіткен Тімтуірмен, күрегімен,

Төбесін жауып Үйдің Шатыркөлмен,

Толатын Тегенесі тілегімен,

Тұндігі түрлігенде, күні күлін,

Суы да балдай аққан Шұмегінен.

Кер сулар

Керулен – кер өлең бе, кері өлең бе?

Керейді толқынымен тербеген бе?

Кернейді көне тарих көнілінді,

Орхон мен Онон бойлап өрлеменде.

Керілген кең далада Кербұлағым,

Ежелден елеңдеткен ел құлағын.

Жағалай жайылады жан-жануар,

Сипайды сыйдырлатып жел құрағын!

Шабдар су

Өзгеше бір өзен бар, аты Шабдар,

Шабдарлық атында емес, затында бар.

Әлде бір жүйрік шабдар су ішті ме?

Бабаңың басқа жазған хатын аңғар!

Тас пен темір сулар

Бар екен өзен – судың Темірлісі,

Кезеді оның бәрін көніл құсы.

Көлденеңтемір, Жезді, Білезікті,

Көргенде таңдай қаққан небір кісі!

Және бар Тасты, Жартас, Ашытасты,

Ағын су тас, темірді басты да асты.

Дөп басқан әр өзенниң қасиетін,

Атаңың қойған аты нақты, жақсы !

Ағаш сулар

Қайынды, Қарабұтак, Қарағайлы,

Мойылды, Қаракатта жаға жайлы.

Қурайлы, Қияқты мен Қопалы су,

Қуағаш, Қоғалыны таба алмайды.

Табантал, Шұбарағаш, Тастыталды,

Жыңғылды, Бөріктал мен Талдық, Талды,

Жиделі, Шиелі мен Ұзыншілік,

Шилі өзен даламызда ән бол қалды.

Атаң айтса, алдымен мәнді ойлайды,

Деген ғой: Суға батқан тал қармайды!

Талды сумен қалай дәл үйлестірген,

Сөз әуезді болмаса, сән болмайды!